

**«Суындық» жалпы білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік
мекемесіндегі
қамқоршылық кеңес отырысының
№3 хаттамасы**

Көктөбе ауылы

31.01.2024 ж.

Қатысуға тиіс: -11

Қатысқаны: -11

Күн тәртібі

1. **Аз қамтылған отбасынан шыққан тәрбиеленушілерге қолдау көрсету.**
2. **Білім алушылардың санаттары бойынша тамақтандырылуын қамту.**

1.1.Тыңдалды.

Н.Мұсаев мектеп директоры- жалпы қамқоршылық кеңес отырысының жиналысын ашты. Орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың жеке бастарына да тәрбие бағыты бойынша қолдау көрсетіп келеді. Сыныптан тыс уақытта қол еңбегімен айналысу үшін түрлі тақырыпта тапсырмалар дайындап, балаларға орындауға ұсынылады. Ондағы мақсат балаларға тек материалдық қолдау көрсетіп қана қоймай, тәрбие бағыты бойынша да қолдау көрсетіп саналы ұрпақ тәрбиелеу негізгі міндет болып табылады. Әлеуметтік педагог А.Қуатбековаға әр категорияға байланысты балалардың құжаттарын қайта қарап, тұрмыс жағдайларын сынып жетекшімен бірлесе отырып зерттеу жұмыстарын жүргізілу ұсынылды.

1.2.Сөйлегендер:

Н.Бекжанова мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары- жалпы мектебіміздегі тәрбиеленуші балаларымыздың тәрбиесі жайлы тоқталып өтті. Қазіргі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі-балалар мен жасөспірімдердің арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу болып табылады. Отбасында қиындыққа тап болған балалар жоқ, құқық бұзушылық болмаған.

1.3.Қаулы етеді.

Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша аз қамтылған отбасынан шыққан балаларға тәрбие саласы бойынша қолдау көрсету жауапкершілігі тәрбие ісі жөніндегі орынбасар Н.Бекжановаға жүктелсін.

2.1. Сөйлегендер:

А.Қуатбекова әлеуметтік педагог- жоғарыдағы айтылған мәселені қуаттай келе, аз қамтамасыз етілген отбасы, көп балалы және жартылай жетім отбасы, толық емес отбасынан шыққан оқушылар үнемі бақылауда және ыстық тамақпен қамтылғаны жайында айтып өтті.

3.1.Тыңдалды:

Р.Таңатов **камқоршылық кеңес төрағасы**-Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтануды ұйымдастыру, сондай-ақ санаттары бойынша бөлінген 40 оқушыларымыз 2-ауысым бойынша мектеп асханасынан бір мезгіл тамақтануын таныстырылым жасады.

3.2.Сөйлегендер:

А.Қуатбекова **әлеуметтік педагог**-Әр категорияға байланысты балалардың құжаттарын қайта қарап, тұрмыс жағдайына сынып жетекшілермен бірлесе отырып, зерттеу жұмыстарын жүргізді. Құжаттары әзірленіп, тізім шығарылғандығы жөнінде айтып өтті.

3.3.Қаулы етеді:

Білім алушылардың тамақтануын қадағалау сынып жетекшілеріне тапсырылып, бақылау жасау әлеуметтік педагог **А.Қуатбековаға** жүктелсін.

Жиналыс төрағасы:



А.Қалмұратов

Хатшы:



А.Қуатбекова